

## Қазақ тілін үренемін деушілерге!



Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесе - бұл сүйініш, ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесе - бұл күйініш.

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емесе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін

қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін. Алайда кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз

қазақ тілінде мүлдем ұйқасыз аударылып, есіктерінде ілініп тұрады. Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі осы болар, бәлкім. Қазақ тілінің дамуы үшін, тілді үйрену үшін барлық жағдай бар. Тек, талап болмаған соң ынта да аз болып тұр. Егер заң жүзінде белгілі бір талап болса, бәрі де үйренер ме еді...

Қазіргі таңда тіл үйренемін деушілер болса, аудандық тілдерді оқыту орталықтарында тек қазақша емес, ағылшын тілін үйренемін деушілерге де барлық жағдай жасалған, білікті мамандар да бар. Курсқа жазыламын деушілердің есіне сала кететін нәрсе біздің курстардың барлығы тегін және курс соңында сертификат алып шығасыз. Сонымен қатар тілдерді оқыту орталығы жыл сайын аудан тұрғындары арасында, мемлекеттік және бюджетті сала қызметкерлері сондай – ақ жеке кәсіпкерлер арасында түрлі тақырыпта байқаулар мен сайыстар ұйымдастырып отырады.

Біздің ең басты мақсатымыз – осы тілді игерту және қолданыс аясын кеңейту. Тілдерді оқыту орталығы Жітіқара тұрғындарының тілді үйренемін деушілеріне бар жағдайды жасаумен қатар көшеде көзге түсетін қазақ тілінің сапасына да көңіл бөлу, бақылау, әдістемелік көмек беру жұмысын жалғастыруда. Ағымдағы жылдың мамыр-қыркүйек айлары аралығында жүргізілетін «Ең үздік көрнекі ақпарат-2023» аудандық конкурсы, бұл жұмыс барысында мекеме басшыларының қазақ тілінің деңгейіне аса көңіл бөліп жатқандарына куә боламыз деген сенім бар. «Қазақстан Республикасының Тіл туралы» Заңының орындалуын және мемлекеттік саясаттың бірлігін қамтамасыз ету мақсатында «Ең үздік көрнекі ақпарат-2023» аудандық конкурсы аясында қазіргі уақытта орталық ұжымы ауданымыздың мекеме, кәсіпорны және жеке кәсіпкерлеріне әдістемелік көмек көрсетіп, бағыт-бағдар беруде. Себебі, өкінішке орай, осы күнге дейін



көшедегі көз тартатын көрнекі ақпараттардың, жарнама атауларының жазылуында көптеген көз сүріндірер кемшіліктер көзге түседі.

Тіл - ұлттық діліміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр Мырза Әлі. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен деймін.

Мемлекеттік мекемеде қызмет ететін әр азаматтың қазақ тілін білгенін қалаймыз. Олар қай ұлттан болса да қазақша амандасса, телефон тұтқасында өз мекемесінің атауын қазақ тілінде қатесіз айтып тұрса деп армандаймыз. Өзгенің құлы емес өз еліміздің ұл – қызы болайық, өзгенің емес, өз еліміздің тілін ұлықтап, мәртебесін асырайық!

«Тілдерді оқыту орталығы» КММ директоры  
Т. Ж. МЕДЕТБАЕВА.

## К юбилею ТОО «Шандыколь»

### Моё село – моими глазами



Моё село Милютинка – это место, которое связано с моими самыми яркими воспоминаниями. В 1999 году я приехала сюда, увидела чистый, уютный посёлок с приветливыми людьми и решила остаться здесь жить. В данный момент я работаю сельским библиотекарем, и мне выдалась возможность рассказать и описать моё родное село. Про Милютинку написано много статей в газетах, но мне хотелось написать, как вижу его я.

Может, наше село небольшое и неизвестное, но для меня оно значит очень много. Вокруг посёлка бескрайние поля, на которых выращивают хлеб для всей страны, здесь самый свежий воздух, воодушевляющий и дающий насладиться в минуты отдыха. Мы находимся ближе к природе

и умеем заботиться о животных и окружающей нас среде. Мы знаем друг друга, поддерживаем и помогаем в трудные и радостные моменты.

Наше село обладает всем необходимым для комфортной жизни: здесь есть магазины, парк, стадион, ДК, школа и многое другое. Ни для кого не секрет, что на селе развлечений мало, однообразие сельской жизни скрашивает работа ДК и библиотеки, где проводятся различные мероприятия для детей и взрослых. Действует женский клуб «Огонёк». Он объединяет женщин, которые любят чтение книг, обожают украшать свой дом, хлопотать на кухне, придумывать и делать своими руками оригинальные подарки для близких и друзей.

18 мая в Доме культуры в

рамках проекта «Өнер керуені» прошёл концерт, а для учащихся начальных классов – кукольный спектакль «Два друга». Жители села были очень рады приезду артистов из областной филармонии. Тепло встретили гостей.

Благополучие жителей села зависит от работы основного предприятия ТОО «Шандыколь» во главе с директором Асадуллиным З. М., для которого хозяйство стало по-настоящему родным, делом всей жизни. Супруга Раиса Николаевна, главный бухгалтер, полностью разделяет взгляды своего мужа! Специалисты и рабочие работают одной командой. Только благодаря их неутомимому труду село процветает и становится желанным домом для своих жителей.

Присвоено звание «Почётный гражданин Житикаринского рай-

она» Асадуллину З. М. – директору ТОО «Шандыколь» (2020 г.), Карпушину М. И. – председателю Милютинского сельского совета (1992 г.), Филипенко П. И. – директору Милютинской средней школы (1993 г.).

Сельский акимат совместно с администрацией ТОО решают множество вопросов по благоустройству села. Идут работы по освещению улиц, произведён частичный ремонт дорог и многое другое. В этом году, благодаря спонсорам, поставили спортивно-развлекательную детскую площадку для ребят всех возрастов.

Пока есть школа на селе – селу жить! Из стен Милютинской школы вышли люди, которые стали профессионалами в образовании, медицине и других отраслях. Отличниками народного образования стали: Филипенко П. И., Ярован З. Я., Шенкнехт Л. Д. Нынешний педколлектив школы – это молодые, энергичные учителя во главе с директором школы Шакаевой А. Т. Уже двое моих детей окончили 11 классов родной школы, а младший сын пе-

решёл в шестой класс. Они очень рады тому, что их место – в этом прекрасном учебном заведении.

Милютинка – это место, где я чувствую себя комфортно и умиротворенно. Мой посёлок – это маленький мир в большом пространстве. Здесь я нашла свое место и создала свой уголок счастья. Я горжусь своим селом и благодарна ему за все, что оно мне дарит. Жизнь здесь не такая светлая, как в городе, но она полна радости и гармонии. Конечно, сельская жизнь имеет и свои трудности, ограниченные возможности в развлечениях и доступе к некоторым удобствам. Однако мы находим радость в простых удовольствиях, таких как прогулки с детьми, участие в сельских мероприятиях. Мы ценим простоту и истинные ценности, которые приносит сельская жизнь. Милютинка – это не просто место на карте, это мое село, где я могу быть сама собой и наслаждаться простыми радостями жизни.

Е. СТАХАНОВА, библиотекарь подразделения № 3 с. Милютинка.

